



IRON MOUNTAIN (АЙРОН МАУНТИН) ЖЕТКІЗУШІСІНІҢ МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚ КОДЕКСІ

МАЗМҰНЫ

- /03 КІРІСПЕ
- /04 IRON MOUNTAIN (АЙРОН МАУНТИН) ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ
- /04 ЭТИКА ЖӘНЕ НОРМАЛАРДЫ САҚТАУ МІНДЕТТЕМЕСІ
- /05 ҚҰПИЯЛЫЛЫҚ ЖӘНЕ ДЕРЕКТЕРДІ ҚОРҒАУ
- /05 ЭТИКАЛЫҚ ЖҰМЫС ОРНЫ ТӘЖІРИБЕЛЕРІ
ЖӘНЕ ҚҰЛ ИЕЛЕНУШІЛІККЕ ҚАРСЫ ҰЙЫМ
- /06 ДЕНСАУЛЫҚТЫ САҚТАУ ЖӘНЕ ҚАУІПСІЗДІК
- /06 КЕМСІТУШІЛІККЕ ҚАРСЫ, ӨРТҮРЛІЛІККЕ ҚҰРМЕТПЕН ҚАРАУ
ЖӘНЕ ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУДЫҢ ТЕҢ МҮМКІНДІКТЕРІ
- /07 ҚОРШАҒАН ОРТА ЖӘНЕ ТҰРАҚТЫЛЫҚ
- /07 ПАРАҚОРЛЫҚ ПЕН СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ
- /08 СЫЙЛЫҚТАР ЖӘНЕ ОЙЫН-САУЫҚ
- /08 ҮКІМЕТКЕ ҚЫЗМЕТТЕРДІ ҰСЫНУ
- /09 МҮДДЕЛЕР ҚАҚТЫҒЫСЫ
- /09 ХАЛЫҚАРАЛЫҚ САНКЦИЯЛАР ЖӘНЕ САУДА ЕРЕЖЕЛЕРІ
- /09 ИНСАЙДЕРЛІК САУДА
- /10 МОНОПОЛИЯҒА ҚАРСЫ ЖӘНЕ АДАЛ БӘСЕКЕЛЕСТІК
- /10 ҚОСАЛҚЫ МЕРДІГЕРЛЕРДІ ҚОЛДАНУ
- /10 БРЕНД ЖӘНЕ БЕДЕЛ
- /11 НОРМАЛАРДЫҢ САҚТАЛУЫН БАҒАЛАУ
ЖӘНЕ БҰЗУШЫЛЫҚТАРДЫ ХАБАРЛАУ
- /11 ӨШ АЛМАУ САЯСАТЫ
- /11 ҮШІНШІ ТАРАП ҚҰҚЫҚТАРЫНЫҢ ЖАСАЛМАУЫ

КІРІСПЕ

Сенім. Оған ие болу қиын, жоғалту оңай. Осы жеті онжылдық бойы біздің құндылықтарымыз және оларды ұстануымызға байланысты клиенттер, жеткізушілер мен акционерлер бізге сенім артады. Біздің құндылықтарымыз мінез-құлқымызды жүйелі түрде бағыттайды және ең маңызды мұраттарымызды бейнелейді.

Iron Mountain (Айрон Маунтин) компаниясы өз жеткізушілерімен арасындағы қарым-қатынасты аса жоғары бағалайды және сіз Iron Mountain (Айрон Маунтин) қызметтерін сенімді жеткізушісі ретінде біздің құндылықтарымыз бен уәделерімізге сай әрекет етуге мүмкіндік беретін негізгі рөлді атқарасыз: тұтынушыларымызға, қызметкерлерімізге, акционерлерімізге және біз тұратын және жұмыс істейтін қауымдастықтарымызға.

Iron Mountain (Айрон Маунтин) жеткізушісінің мінез-құлық кодексі (бұл біздің Этика және Іскерлік әдеп кодексімізді толықтырады) бізбен бизнесті жүргізуге қажетті қағидаттарды, стандарттарды және тәжірибелерді бекітеді. Біз сізден Кодекстің ережелері мен қағидаларын сақтап, оны этикалық және заңға сәйкес қызмет көрсетуге көмектесетін ресурс ретінде пайдалануыңызды күтеміз. Кодексті бұзу Iron Mountain (Айрон Маунтин) компаниясымен келісіміңізді бұзу ретінде қарастырылуы мүмкін екенін ескеріңіз, бұл біздің іскерлік қатынастарымыздың тоқтауына әкелуі мүмкін.

Іскерлік қарым-қатынас барысында біздің құндылықтарымызға немесе кодексімізге сәйкес келетін қызметті ұсынуыңызға әсер етуі мүмкін жағдай туындаса, Iron Mountain (Айрон Маунтин) компаниясындағы өкіліңізге немесе Заң бөлімінің құпиялылық және нормаларды сақтау тобына compliance@ironmountain.com мекенжайы бойынша хабарласыңыз.

IRON MOUNTAIN (АЙРОН МАУНТИН) ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ

ТҰТАСТЫҚПЕН ӨРЕКЕТ ЕТУ

Біз ашық және адалмыз, әрі күнде құндылықтарымызбен өмір сүреміз.

ӨЗ ҚОРҒАНЫСЫМЫЗ ЖӘНЕ ҚАУІПСІЗДІГІМІЗ

Біз өзімізді және бір-бірімізді зияннан қорғаймыз және тұтынушыларымыздың активтерін өзіміздікі тәрізді сақтаймыз.

ТҰТЫНУШЫ ҚҰНДЫЛЫҒЫН ҚҰРУ

Біз тұтынушыларымызға жақсы қызмет көрсету және олардың бизнесін жақсарту жолдарын үнемі іздестіріп отырамыз.

ЖЕКЕ БАҚЫЛАУҒА АЛУ

Біз командамыздың, тұтынушыларымыздың және компаниямыздың жетістігі үшін тікелей жауапкершілік аламыз.

МҮМКІНДІКТЕРДІ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУДЫ ЖӘНЕ КОМАНДАЛЫҚ ЖҰМЫСТЫ ДАМУ

Жақсы нәтижелерге жету үшін бір-біріміздің ерекше идеяларымыз бен пікірлерімізді іздейміз және бағалаймыз.

ЭТИКА ЖӘНЕ НОРМАЛАРДЫ САҚТАУ МІНДЕТТЕМЕСІ

Iron Mountain (Айрон Маунтин) компаниясы кез келген ұсынатын қызмет түрі немесе оны жеткізу орнында қолданыстағы заңдар, ережелер және заңнамаларды қатаң ұстанады. Нормалардың сақталуын қамтамасыз ету үшін біз этика және нормаларды сақтау бағдарламасын ұстанамыз, оның негізі біздің [Этика және іскерлік әдеп кодексіміз](#) болып табылады. Кодекс бізге этикалық және талапқа сай мінез-құлық туралы нұсқаулық береді және қосымша көмек алуға немесе бұзушылықтар туралы хабарлауға ресурстарды ұсынады. Жұмысқа орналасудың шарты ретінде барлық қызметкерлер Кодекске және компанияның басқа саясаттарына сәйкес ақпараттандырылуы тиіс.

Сенімді қызмет көрсетуші ретінде біз сізден заңдарды қатаң ұстануды және біздің Негізгі құндылықтарымыз бен Этика және іскерлік мінез-құлық кодексіне сәйкес жұмыс істеуіңізді талап етеміз. Осы мақсатта, сіз ұсынатын қызметтің сипатына (және сіздің келісім-шарттарыңызға) байланысты, сізден Iron Mountain (Айрон Маунтин) саясатына сәйкес келетін нормаларды сақтау тренингтеріне қатысу немесе үкіметпен келісімшартқа байланысты әр түрлі заңдар мен ережелерді орындау талап етілуі мүмкін.

Қызметіңізді Iron Mountain (Айрон Маунтин) компаниясымен бастар алдында, біздің Этика және Іскерлік мінез-құлық кодексімізбен келесі мекенжайдан танысыңыз: www.ironmountain.com/code.

ҚҰПИЯЛЫЛЫҚ ЖӘНЕ ДЕРЕКТЕРДІ ҚОРҒАУ

Жетпіс жыл бойы, Iron Mountain (Айрон Маунтин) ақпарат басқа активтерді сенімді түрде қорғау арқылы біздің тұтынушылардың сеніміне ие болуда (және жалғастыруда). Iron Mountain (Айрон Маунтин) компаниясы біздің заңды, келісімшарттық және басқа тиісті міндеттемелерге (мысалы, салалық стандарттарға немесе сертификаттарға жазылған) сәйкес келетін немесе одан асатын құпиялылықты, қауіпсіздікті және деректерді қорғау бақылауларын қолдайды.

Біздің атымыздан қызметкерлеріміздің немесе тұтынушыларымыздың ақпаратын немесе активтерін қолданған кезде, оларды қауіпсіз, құпия және рұқсат етілген мақсаттар үшін қолдануыңызды талап етеміз. Бұл қорғаныс деңгейін пайдалану ешқашан сізге қатысты заңды, келісімшарттық немесе басқа тиісті міндеттемелерден төмен түспейтінін білдіреді.

Осы міндеттеме шеңберінде сізден өңдейтін деректердің немесе басқа активтердің құпиялылығы мен қауіпсіздігіне тиімді физикалық, техникалық және әкімшілік бақылауды жүргізу (және көрсету) талап етілуі мүмкін. Біздің атымыздан көрсететін қызметтеріңізге және өңдейтін ақпарат немесе активтердің сипатына байланысты, сізден Iron Mountain (Айрон Маунтин) үшінші тарап тәуекелін бағалауы немесе жабдықтаушы құпиялылығын бағалау талап етілуі мүмкін, бұл қосымша кепілдіктердің орындылығын анықтауға көмектеседі.

ЭТИКАЛЫҚ ЖҰМЫС ОРНЫ ТӘЖІРИБЕЛЕРІ ЖӘНЕ ҚҰЛ ИЕЛЕНУШІЛІККЕ ҚАРСЫ ҰЙЫМ

Iron Mountain (Айрон Маунтин) жұмыс орнында өзінің Құндылықтары мен Этика және Іскерлік әдеп кодексіндегі қағидаттардың қолданылуына жауапкершілікпен қарайды. Осылайша, біз қызметкерлеріміздің жұмыс жағдайларын жақсарту және еңбек пен ұйымдастырушылық құқықтар, жалақы мен аударымдар және жұмыс уақытына (ерікті жұмыс уақытын қосқанда) қатысты барлық заңды талаптарды қанағаттандыру үшін үздіксіз жұмыс істейміз. Iron Mountain (Айрон Маунтин) жеткізушісі ретінде, сізден осы міндеттемеге қатысуыңызды және кез келген және сол сияқты барлық құқықтарды құрметтеуіңізді күтеміз.

Көрсетілген қызметтің түріне немесе орналасу орнына қарамастан, Iron Mountain (Айрон Маунтин) жеткізушілері жұмыс тәжірибесі мен жұмыс жағдайына қатысты барлық қолданыстағы заңды және басқа да міндетті міндеттемелерді сақтауы тиіс. Жеткізушілер өз қызметкерлерінің жұмысқа орналасуына сай ең төменгі заңды жасқа толғанын және олардың қызметі ерікті болуын, яғни, бұл құлдыққа немесе күндікке, мәжбүрлі немесе міндетті еңбекке немесе адам саудасына қатысты болмауын қамтамасыз ету үшін қатаң түрде барлық қажетті шараларды қабылдауы тиіс. Сонымен қатар, ол әділетті түрде өтелуі және қауіпсіз және сау жағдайда жүзеге асырылуы тиіс.

Біз сіздің және сізді тауарлармен немесе қызметтермен жабдықтайтын кез келген тұлғаның құлдыққа және адам саудасына қарсы қолданылатын барлық қолданыстағы нормативтік талаптардың орындалуын (мысалы, Ұлыбританияның қазіргі құлдық туралы заңы (U.K. Modern Slavery Act) тәрізді) талап етеміз. Сонымен қатар, сізден қазіргі заманғы құлдықтың алдын алу үшін, сіздің компанияңызда және жеткізілім тізбегіңізде тиісті бақылау мен процедураларды енгізуді және Iron Mountain (Айрон Маунтин) компаниясының талаптарына сәйкес келмейтін әрекеттерді жасамауыңызды талап етеміз.

ДЕНСАУЛЫҚТЫ САҚТАУ ЖӘНЕ ҚАУІПСІЗДІК

Iron Mountain (Айрон Маунтин) компаниясы өз қызметкерлерінің денсаулығын сақтауға және қауіпсіздігіне үлкен жауапкершілікпен қарайды. Шын мәнінде, **өз қорғанысымыз және қауіпсіздігіміз** компаниямыздағы құндылықтардың бірі болып саналады. Жеткізушілер Iron Mountain (Айрон Маунтин) қызметкерлерімен (немесе біздің тұтынушыларымызбен) жиі тікелей жұмыс істейтіндіктен, сіз қызметкерлердің шығу тегі мен біліктілігін тексеру үшін барлық қажетті шараларды қабылдауыңыз керек. Мұндай шаралар біліктіліктерді және дағдыларды растау, қылмыстық тарихты тексеру, көлік жүргізу жазбаларын бағалау, денсаулық күйі тексерулерін орындау немесе жұмыс істеу талаптарына сай болуды қамтуы мүмкін.

Iron Mountain (Айрон Маунтин) кәсіпорнында қызметтерді ұсыну кезінде жұмысты жасау немесе тапсырмаларды орындау алдында жұмыстың қауіпсіздігін талдау, жеке рұқсаттамаларды көрсету, температураны тексеру немесе жеке қорғаныс құралдарын кию тәрізді арнайы қосымша ережелер болуы мүмкін. Сонымен қатар, сізден кәсіпорындарға кіру және шығу кезінде қол қою немесе Iron Mountain (Айрон Маунтин) күзетімен қалу талап етілуі мүмкін. Барлық жағдайда, жеткізушілер қауіпті, қатерлі немесе қорлайтын деп саналатын кез келген іс-әрекеттен аулақ болуы және тиісті денсаулық пен қауіпсіздік заңдары мен ережелеріне сәйкес қызмет көрсетуі тиіс. Сонымен қатар, Iron Mountain (Айрон Маунтин) жеткізушілерді өз жұмыс күшінде біркелкі қолданылатын нақты тәртіптік рәсімдер құруын құптайды.

КЕМСІТУШІЛІККЕ ҚАРСЫ, ӘРТҮРЛІЛІКТІ ЫНТАЛАНДЫРУ ЖӘНЕ ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУДЫҢ ТЕҢ МҮМКІНДІГІ

Iron Mountain (Айрон Маунтин) біздің мүмкіндіктерді жүзеге асыру мен әртүрлілікке ат салысудағы күшті міндеттемеміз бізді жақсырақ, мықтырақ компания ететініне сенеді. Бұл біздің тұтынушыларымыздың кең ауқымды қажеттіліктерін қанағаттандыруымызға және нарықта табысқа жетуімізге тікелей ықпал етеді. Бұған қол жеткізу үшін біз жұмысқа алу кезінде нәсілі, діні, этносы, жасы, жынысы, жыныстық ориентациясы, мүгедектігі тәрізді басқа факторларға немесе жеке тұлғаның дағдылары мен біліктіліктерінен тыс сипаттамаларына емес, оның жұмысты орындау қабілетіне негізделіп шешімдер қабылдаймыз.

Iron Mountain (Айрон Маунтин) компаниясы өз жеткізушілерінен ұқсас міндеттемелерді орындауын талап етеді: әрқашан кемсітушілікке қарсы заңдарды сақтай отырып әрекет ету және мүмкіндіктерді жүзеге асыру мен әртүрлілікке ықпал ету және жұмыс орнында кемсітушілікті жою мақсатында нақты қадамдар жасау. Біздің осы қағидаттарды ұстануымыздың көрінісі ретінде Iron Mountain (Айрон Маунтин) компаниясы таңдау барысында жеткізуші жұмыс күшінің әртүрлілігін оң фактор ретінде қарастырады.

ҚОРШАҒАН ОРТА ЖӘНЕ ТҰРАҚТЫЛЫҚ

Iron Mountain (Айрон Маунтин) бизнесті тұрақты және экологиялық жауапкершілікпен жүргізуді ұстанады. Біз өте көп көліктермен жұмыс істейміз және ауқымды жылжымайтын мүліктерге ие болғандықтан – соның ішінде ақпараттық орталықтар бар – біздің іскери шешімдеріміз бен ішкі тәжірибелеріміз қауымдастықтарымызға және қоршаған ортаға тікелей әсер етуі мүмкін екенін түсінеміз. Осылайша, біз қолданыстағы қоршаған орта заңдарына сәйкес жұмыс істейміз және өз қызметіміздің тұрақтылығын арттыру жолында үздіксіз жұмыс жасаймыз. Iron Mountain (Айрон Маунтин) тек қолданыстағы қоршаған орта заңдарын орындайтын жеткізушілермен жұмыс істейді және біз біздің жылдық [Корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік есебімізде](#) көрсетілетін іскерлік тәжірибелерімізбен бөлісетін жеткізушілерді таңдауға назар аударамыз.

ПАРАҚОРЛЫҚ ПЕН СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ

Әлемнің әр түрлі елдерінде жұмыс істейтін компания ретінде Iron Mountain (Айрон Маунтин) компаниясы, мысалы, АҚШ тәрізді елдің парақорлыққа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы қолданыстағы заңдарының (U.S. Foreign Corrupt Practices Act) нысаны мен мазмұнын орындауға міндеттеледі. Шетелде сыбайлас жемқорлықпен күрес заңы және Біріккен Корольдіктің парақорлықпен күрес заңы (U.K. Bribery Act). Бұл заңдар, әдетте, бизнесті дұрыс емес тәсілмен алу, артықшылықты қамтамасыз ету немесе шешім қабылдауға ықпал ету мақсатында мемлекеттік қызметкерлерге немесе жеке тұлғаларға құнды нәрсені ұсынуға, ұсынуды қарастыруға немесе басқаларға рұқсат беруге тыйым салады.

Біз бұл міндеттемені аса жауапты қабылдаймыз және жеткізушілерімізден дәл сол деңгейдегі міндеттемені талап етеміз. Iron Mountain (Айрон Маунтин) жеткізушілері осы (және қатысты) заңдардың барлық аспектілерін, соның ішінде қаржылық есептілік, бухгалтерлік есеп, есепке алуды сақтау және нақты шот-фактуралар мен шығындар туралы есептерді ұсынуға қатысты талаптарды қатаң сақтауы тиіс.

Iron Mountain (Айрон Маунтин) бизнесті парақорлық, орынсыз сыйлықтар мен ойын-сауық немесе жеңілдету төлемдері арқылы емес, өз өнімдері мен қызметтерінің сапасына негізделіп жеңеді. Бұл жалпы ұстаным болғанымен, мемлекеттік қызметкерлермен, үкіметпен басқарылатын кәсіпорындарда немесе олармен байланысты тұлғалармен өзара әрекеттесу кезінде қосымша міндеттемелер қолданылуы мүмкін.

СЫЙЛЫҚТАР ЖӘНЕ ОЙЫН-САУЫҚ

Iron Mountain (Айрон Маунтин) компаниясы жеткізушілердің сыйлықтар, ойын-сауық немесе басқа құнды заттарды ұсынғаны үшін оларға ешқашан артықшылықты қатынаспен қарамайды. Жеткізушілер Iron Mountain (Айрон Маунтин) компаниясына біздің іскерлік шешімдерімізге әсер ету немесе басқа жеткізушілерден артықшылық алу мақсатында сыйлықтар ұсына алмайды. Сыйлықтар заң және саясатқа сәйкес рұқсат етілген болса да, жеткізушілер сақтық пен байыптылықты ұстануы керек, өйткені тіпті «әдеттегі» іскерлік сыпайылықтың өзі ыңғайсыз жағдайларды туғызуы немесе қатысы бар адамдарға теріс әсерін тигізуі мүмкін.

Жеткізушілер Iron Mountain (Айрон Маунтин) Сыйлықтар, Қонақжайлылық және Қайырымдылық жарналары саясатының талаптарымен танысуы керек және олардың бұзылуына алып келетін сыйлықтарды ұсынбауы немесе қабылдауы тиіс.

ҮКІМЕТКЕ ҚЫЗМЕТТЕРДІ ҰСЫНУ

Дүниежүзі бойынша үкіметтер Iron Mountain (Айрон Маунтин) компаниясы өздерінің аса маңызды ақпараттары мен орны толмас активтерін қорғай алатынына сенеді. Біз барлық тұтынушыларымызбен ең жоғары деңгейдегі адалдықпен қызмет етеміз, алайда үкіметке қызмет көрсету көбінесе қосымша міндеттемелерді қамтиды - бұл біздің сенімді жеткізушіміз ретінде сізге де қатысты болуы мүмкін.

Iron Mountain (Айрон Маунтин) компаниясының атынан федералдық, штаттық немесе жергілікті басқару органдарына қызметтер ұсынған кезде сізге жалақы, жұмыс уақыты, жұмыс жағдайлары, баға белгілеу, сыйлық беру, лоббизм, мүдделер қақтығысы немесе ақпаратпен дұрыс жұмыс істеу сияқты нақты талаптар қойылуы мүмкін. Сондай-ақ, ерекше жұмыс талаптары немесе білікті жеке тұлғалар қызмет көрсетуге (немесе рұқсат етілген) шектеулер болуы мүмкін.

Сіздің үкіметке қызмет көрсетумен байланысты міндеттемелеріңіз - тікелей заңмен немесе Iron Mountain (Айрон Маунтин) компаниясымен жасалған келісімшартпен байланысты болса да, оларды түсіну және орындау сіздің жауапкершілігіңізге жатады.

МҮДДЕЛЕР ҚАҚТЫҒЫСЫ

Егер достық, отбасылық қатынас, қаржылық мүдде немесе басқа осыған ұқсас жағдайлар сіздің адал және әділ іскери шешімдер қабылдауыңызға немесе Iron Mountain (Айрон Маунтин) компаниясына тауарлар немесе қызметтер ұсынуыңызға кедергі келтірсе (немесе кедергі келтіруі мүмкін болса), мүдделер қақтығысы туындауы мүмкін. Жеткізушілер кез келген осындай мәселелерді (немесе ықтимал мәселелерді) іскерлік қатынастар пайда болғанға дейін немесе одан кейінгі кез келген уақытта жаңа қақтығыс туындаған кезде Iron Mountain (Айрон Маунтин) компаниясына көтеруге міндетті.

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ САНКЦИЯЛАР ЖӘНЕ САУДА ЕРЕЖЕЛЕРІ

Біз құнды жабдықтар мен деректердің (мысалы, компьютерлік аппараттық жабдық және шифрлау технологиясы) импорты мен экспортына бақылау жасалатын көптеген елдерде жұмыс істейміз. Сондай-ақ белгілі бір топтармен, жеке тұлғалармен немесе елдермен бизнес жүргізуге ғаламдық шектеулер бар. Халықаралық санкциялар мен сауда ережелерін қатаң орындау халықаралық деңгейде іскерлік мүмкіндігімізді сақтау үшін өте маңызды және **қауіпсіздігіміз бен қорғаныс құндылығымызды** сақтаудың маңызды тәсілі болып табылады. Сол себепті біз үкіметтің санкциялар тізімінде пайда болатын жеткізушілермен жұмыс жасай алмаймыз. Егер сіз осындай кез келген тізімде болатыныңызды білсеңіз, бізді тауарлармен немесе қызметтермен қамтамасыз етпес бұрын, ол туралы Iron Mountain (Айрон Маунтин) өкілін хабардар етіңіз. Осы маңызды нормативтік шектеулер сізге қатысты қолданылатын болғандықтан, олар сіздің жеткізушілеріңізге де қатысты, сондықтан біз сізден өз міндеттемелеріңізді түсінетінін және орындайтыныңызды және оларды тиісінше орындауыңызды талап етеміз.

ИНСАЙДЕРЛІК САУДА

Iron Mountain (Айрон Маунтин) - акционерлері мен мемлекеттік реттеушілері алдында әр түрлі заңды міндеттемелері бар ашық акционерлік компания. Жеткізуші ретінде сізге әлі көпшілікке жарияланбаған (немесе ешқашан жарияланбауы мүмкін) ақпарат сеніп тапсырылуы мүмкін. Бұл ақпарат біздің акцияларымыздың бағасына немесе басқа компаниялардың құнына әсер етуі мүмкін. Біздің этикалық стандарттарымыз (және заңымыз) сізге мұндай ақпарат негізінде әрекет етуге қатаң тыйым салады. Бұл сізге және сіздің қызметкерлеріңізге ғана емес, отбасыңызға, достарыңызға немесе ақпарат негізінде инвестициялық шешім қабылдауға мүмкіндігі бар тұлғаларға да қатысты. Егер сізде мұндай ақпаратқа қолжетімділік болса, сіз оны құпиялылықта сақтап, өте мұқият және ықыласпен қарауыңыз керек.

МОНОПОЛИЯҒА ҚАРСЫ ЖӘНЕ АДАЛ БӘСЕКЕЛЕСТІК

Iron Mountain (Айрон Маунтин) нарықта әділ бәсекелесуге және монополияға қарсы және адал бәсекелестікке қатысты барлық қолданыстағы заңдарды ұстануға міндеттеледі. Біз орынсыздық немесе алдау тәрізді көрінетін жағдайлардан белсенді түрде алшақ жүреміз.

Iron Mountain (Айрон Маунтин) компаниясына қызмет көрсету кезінде біз сізден де осы заңды және этикалық стандарттарды ұстануды талап етеміз, әсіресе тұтынушылар тізімдері немесе бағалар мен жеңілдіктер тәрізді маңызды ақпараты жинау мен бөлісуді болдырмаңыз.

ҚОСАЛҚЫ МЕРДІГЕРЛЕРДІ ҚОЛДАНУ

Iron Mountain (Айрон Маунтин) қазіргі іскери ортада жеткізушілер өз қызметтерінің кей аспектілеріне қосалқы мердігерлікті қабылдауға негіз болуы мүмкін екенін бағалайды. Iron Mountain (Айрон Маунтин) компаниясының жеткізушісі болу үшін сіздің бизнесіңіздің мұқият тексерілуін қамтитын бәсекелестік сатып алу үдерісінен өтуіңіз керек. Сондықтан, қосалқы мердігерлерге өз міндеттеріңізді жүктеу алдында, сізден ұқсас деңгейдегі тексерулерді орындау және барлық тиісті заңды және келісімшарттық міндеттемелерді (соның ішінде, жарияламау және құпиялылық шарттары немесе үкіметке қызмет көрсету кезінде талап етілетін ережелер) орындау (және заңмен немесе келісімшартпен талап етілуі мүмкін) талап етіледі. Содан кейін сіз қосалқы мердігерлеріңіздің сіз қабылдаған міндеттемелерге сәйкестігін бақылау және орындау үшін жауапты боласыз.

Сондай-ақ, қосалқы мердігерлікке дейін Iron Mountain (Айрон Маунтин) компаниясына хабарлама жіберу қажеттілігін немесе біздің келісімімізді алу үшін келісімшартпен танысыңыз.

БРЕНД ЖӘНЕ БЕДЕЛ

Iron Mountain (Айрон Маунтин) жеткізушісі ретінде сіздің әрекеттеріңіз бен іскери тәжірибелеріңіз біздің ең құнды активтеріміздің біріне - біздің беделімізге - тікелей әсер етеді. Бұл әсіресе тұтынушыларымызбен немесе қоғаммен тікелей қарым-қатынас жасаған кезде байқалады. Сол себепті, сіз әрқашан өзіңізді біздің Құндылықтарымыз бен Этика және Іскерлік мінез-құлық кодексіне сай жауапты және этикалық тұрғыда ұстауыңыз керек.

Егер сізде солай істеуге нақты өкілеттігіңіз болмаса, сіз біздің іскерлік қатынастарымыз туралы көпшілікке жариялай алмайсыз немесе Iron Mountain (Айрон Маунтин) атынан мәлімдемелер (кез келген ортада) жасай алмайсыз. Баспасөзге қатысты барлық сауалдар Iron Mountain (Айрон Маунтин) өкіліне жіберілуі тиіс.

НОРМАЛАРДЫҢ САҚТАЛУЫН БАҒАЛАУ ЖӘНЕ БҰЗУШЫЛЫҚТАРДЫ ХАБАРЛАУ

Iron Mountain (Айрон Маунтин) жеткізушісі ретінде, сіз осы Кодекстің ережелерін орындауыңыз керек және сіздің келісіміңізде болуы мүмкін тексеру шарттарына қатысты, Iron Mountain (Айрон Маунтин) нормалардың сақталуын тексеру құқығын сақтайды. Кепілдік беруге көмектесу үшін біз сізден осы Кодекстің ережелеріне қатысты сұрақтарға жауап беруіңізді және талаптарға сәйкестігіңізді растайтын құжаттар немесе куәліктерді қамтамасыз етуіңізді сұрауымыз мүмкін.

Сондай-ақ, сіздің міндетіңізге осы Кодекстің, заңнаманың немесе Iron Mountain (Айрон Маунтин) компаниясымен жүргізілетін бизнестің басқааспектілерінің күдікті немесе нақты бұзушылықтары туралы тез арада хабарлау жатады. Барлық мәлімдемелер маңыздылықпен қабылданады және мұқият тексеріледі. Сіз берген кез келген ақпарат тиісінше қарастырылады және мүмкіндігінше құпия сақталады.

Сізге бұзушылықтар туралы Iron Mountain (Айрон Маунтин) өкіліне хабарлауды ұсынамыз. Егер бұл мүмкін болмаса немесе орынды болмаса, Ғаламдық Құпиялылық және Нормативтік талаптарды орындау тобына compliance@ironmountain.com мекенжайы бойынша немесе Iron Mountain (Айрон Маунтин) Этика желісіне хабарласыңыз. Этика желісінде тәуелсіз компания жұмыс істейді және (заңмен рұқсат етілген жағдайда) сіз толық анонимді болуды таңдай аласыз. Онлайн режимінде мәлімдеме жіберу немесе халықаралық Этика желісінің телефон нөмірлерінің тізімін алу үшін www.IMEthicsLine.com сайтына кіріңіз.

Заң бұзушылықтар туралы хабарламау біздің іскерлік қатынастарымыздың тоқтауына әкелуі мүмкін.

ӨШ АЛМАУ САЯСАТЫ

Iron Mountain (Айрон Маунтин) заңның немесе этикалық бұзушылықтардың адал ниетпен хабарлануына қатаң түрде өш алмау саясатын ұстанады. Бұзушылық туралы хабарлама жасаған қызметкерден немесе жеткізушіден өш алған, өш алуға тырысқан немесе басқаларды өш алуға шақырған кез келген қызметкер немесе менеджер тәртіптік жауапкершілікке тартылады, тіпті қызметінен де босатылуы мүмкін. Егер біз сіз өз қызметкерлеріңіздің біріне заң бұзушылық туралы хабарлағаны үшін өш алғаныңызды анықтасақ, Iron Mountain (Айрон Маунтин) компаниясы сізбен жеткізуші ретінде іскерлік қатынасын тоқтатады.

ҮШІНШІ ТАРАП ҚҰҚЫҚТАРЫНЫҢ ЖАСАЛМАУЫ

Iron Mountain (Айрон Маунтин) жеткізушісінің мінез-құлық кодексі үшінші тараптар (немесе олардың бенефициарлары) жағынан жаңа немесе қосымша құқықтар жасамайды. Бұған жеткізуші қызметкерлерінің Iron Mountain (Айрон Маунтин) компаниясына осы Кодекстің кез келген ережелерін орындауын талап ету құқығы кіреді.

Осы Кодекс Iron Mountain (Айрон Маунтин) мен жеткізуші арасындағы келісімшарт бойынша белгіленген құқықтар мен міндеттерді толықтырады, бірақ оларды алмастырмайды.



800.899.IRON | IRONMOUNTAIN.COM

IRON MOUNTAIN (АЙРОН МАУНТИН) ТУРАЛЫ

1951 жылы құрылған Iron Mountain Incorporated (Айрон Маунтин Инкорпоратед)(NYSE: IRM) - сақтау және ақпаратты басқару қызметтерінің әлемдік көшбасшысы. Әлемнің 220 000-нан астам ұйымдары сенім білдірген және әлемнің 50-ден астам еліндегі 1400-ден астам нысандарында 85 миллион шаршы футтан астам жылжымайтын мүлік желісі бар Iron Mountain (Айрон Маунтин) компаниясы миллиардтаған ақпараттық активтерді, соның ішінде іскерлік маңызды ақпаратты, аса маңызды деректерді, мәдени және тарихи жәдігерлерді сақтайды және қорғайды.

Қауіпсіз сақтауды, ақпаратты басқаруды, цифрлық трансформацияны, қауіпсіз жоюды, сондай-ақ деректер орталықтарын, арт-қоймаларды және логистиканы, бұлтты қызметтерді қамтитын шешімдер ұсына отырып, Iron Mountain (Айрон Маунтин) ұйымдарға шығындар мен тәуекелдерді төмендетуге, ережелерді сақтауға, апаттан қалпына келтіруге және жұмыс істеудің сандық тәсілін іске қосуға көмектеседі. Толығырақ ақпарат алу үшін www.ironmountain.com сайтына кіріңіз.

© 2021 Iron Mountain Incorporated. Барлық құқықтары қорғалған. Iron Mountain (Айрон Маунтин) және таудың дизайны - АҚШ-тағы және басқа елдердегі Iron Mountain Incorporated компаниясының тіркелген сауда белгілері. Барлық басқа сауда белгілері және тіркелген сауда белгілері тиісті иелерінің меншігі болып табылады.